

АНВАР ИСМАИЛОВ АТЫНДАҒЫ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІ



БЕКІТЕМІН

Колледж басшысы

Г.К. Исмилова

29.08.2022жыл

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

Модуль/пән атауы: КМ 01.03 Дүниежүзілік өнер тарихы және Қазақстанның көркем мәдениеті

Мамандығы: 0210200 Киім дизайны

Біліктілігі: 4S02120203 Киім дизайнері

Оқыту нысаны күндізгі негізгі орта/ жалпы білім базасында

Жалпы сағат саны: 84, кредит саны 3,5

Әзірлеуші (-лер) : Камбыл Ұлдана Рахымқызы

Оқу-әдістемелік кеңесі отырысында қаралды және мақұлданды

2022ж "27" 08.2022№ 1 хаттама

Әдіскер: Исматуллаева А.М.

«Дизайн және өнер» пән бірлестігінің отырысында қаралды және мақұлданды

2022ж "25"08 №1 хаттама

Пән бірлестік төрайымы : Садыкова А.Е

Түсіндірме жазба

Пән/модуль сипаттамасы: КМ 01.03 Дүниежүзілік өнер тарихы және Қазақстанның көркем мәдениеті

Қалыптастырылатын күзiреттiлiк: Эскиздердi құрған кезде әртүрлi дәуiрдiң дүниежүзілік өнердiң түрлерi туралы, көне заманнан Қайта өркендеу дәуiрiне дейiн әлем өнерiнiң эстетикалық құндылықтары, түрлерi, стильдерi мен түрлерi туралы бiлiмiн қолдану болып табылады

Постреквизиттер: Эскиздi құрған кезде өнердегi стильдер мен бағыттарды қолданады, өнер шығармашылығының түрiн, жанрын, орындау техникасын анықтайды, әлем өнерiнiң стильдерi мен түрлерiн сипаттайды, дәуiрдердiң ерекшелiктерiн сипаттайды, бароккодан заманауи өнерге дейiн сәндiк-қолданбалы өнердi сипаттайды, қолданбалы өнердiң ерекшелiктерiн сипаттайды.

Пререквизиттер: «Дүниежүзілік өнер тарихы және Қазақстанның көркем мәдениеті» пәні әртүрлі дәуірдің Қазақстан өнері тарихы бойынша, авторлық жобада Қазақстан өнерінің эстетикалық құндылықтары, формалары, стильдері мен түрлері туралы білімін қолдану сияқты бірнеше пәндермен байланысады: «Дизайн композициясы», «Сәндік сурет», «Өнер тарихы», «Киімді модельдеу», «Түстану».

Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар: әдістемелік нұсқаулар, кітаптар, плакаттар, суреттер, интербелсенді тақта, оқу әдістемелік кешен, зертханалық құрал-жабдықтар, электронды ресурстар

Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Акишев К.А. Иссык: Искусство саков Казахстана. М., Искусство, 1978.
2. Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, Наука, 1985.
3. Акишев К.А., Байпаков К. М. Восросы археологического Казахстана. Алма – Ата, 1979.
4. Ибраев Б.А. Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР, 1980.
5. Древнее золото Казахстана. Сост. К. Акишев. Алма-Ата, Онер, 1983.
6. Маргулан А.Х. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, Наука, 1979.
7. Руденко С.И. Культура гуннов и ноинулинские курганы. М.-Л., изд. АН СССР, 1962.
8. Руденко С.И. Древнейшие в мире художественные ковры и ткани. М., Искусство, 1968
9. Глаудинов Б. А. О генезисе архитектуры казахской юрты. Ж. «Улт тағылымы», 1999, № 1
9. Засецкая И.П. Золотые украшения гуннской эпохи. Л., Наука, 1977.
10. . Звери в камне. Новосибирск, Наука, серия «первобытное искусство», 1988.
11. Синенькая Н.И. О художественной выразительности андроновской керамики.

Оқытушының байланыс ақпараты:

Ф.И.О.

КамбылҰ.Р.

тел.:8776-623-16-96

e-mail: kuldana2905@mail.ru

Семестр бойынша сағаттарды бөлу

Пән/модульдің коды және атауы	Модульдегі барлық сағат саны	Оның ішінде							
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс	
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
<u>КМ</u> <u>01.03</u> <u>Дүниежүзілік өнер тарихы және Қазақстанның көркем мәдениеті</u>	84	36	48	-	-	-	-	-	-
Барлығы:	84		84						
Пән/модуль бойынша оқытуға берілетін жалпы сағат саны	84		84						

Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

№	Бағдарлама мазмұны (тараулар, тақырып)	Барлық сағат	Оның ішінде	
			Теориялық	Зертханалық-практикалық
1.	Пәннің мақсаты мен міндеттері	2	2	
2.	Алғашқы қауымдық өнер	2	2	
3.	Ежелгі палеолит дәуірінде өмір сүрген ру – тайпалардың бейнелеу өнері.	2		2
4.	Кәсіби емес өнер және эстетикалық концепциялар	2		2
5.	Дәстүрлі және алғашқы қауымдық өнердің атқаратын қызметі	2	2	
6.	Африканың жартас өнері	2	2	
7.	Австралияның жартас өнері	2		2
8.	Ежелгі Египет өнері	2	2	
9.	Ежелгі майя, ацтек, инктердің өнері	2		2
10.	Ежелгі гректердің баға жетпес өнердегі үлесі.	2	2	
11.	Шумер және Аккадтың мифологиясы	2	2	
12.	Ассирияның қол өнері	2	2	
13.	Ежелгі Рим өнері. Архитектурасы.	2	2	
14.	Ежелгі гректердің архитектура және қарафигуралы құмыраға сурет салу өнері	2		2
15.	Роман өнері.	2	2	
16.	Готикалық өнер.	2	2	
17.	Германия және Франциядағы Готика	2	2	
18.	Англия және Испаниядағы Готика	2		2
	2 семестр	36	24	12
19.	Араб-мұсылман ғимараттарының типологиясы. Орнаментальді өнері және декор.	2		2
20.	Индия өнері б.з.д. 4-1 мың жылдық	2	2	
21.	Қытай өнері	2		2
22.	Қайта өрлеу дәуірінің өнері	2	2	
23.	Италиядағы жоғарғы ренессанс. Микеланджело шығармашылығы	2	2	
24.	Леонардо да Винчи шығармашылығы.	2	2	
25.	Рафаэль Санти шығармашылығы.	2	2	
26.	Венециядағы жоғарғы ренессанс.	2	2	
27.	Джорджоне шығармашылығы.	2	2	
28.	Тициана шығармашылығы.	2	2	
29.	П.Воронезе шығармашылығы.	2	2	
30.	Нидерландтағы қайта өрлеу.	2	2	
31.	XVII ғасырдағы батыс Еуропа өнері.	2		2
32.	Фовизм. А. Матисс шығармашылығы.	2	2	
33.	Кубизм Пикассо шығармашылығы.	2	2	
34.	Импрессионизм және неоимпрессионизм	2	2	
35.	Англия өнері. XVII- ғ. бірінші жартысы XIX ғасыр 2	2	2	

36.	XIX ғасырдағы Романтизм бастауы.	2	2	
37.	Испан өнері	2		2
38.	Дадаизм. Сюрреализм	2	2	
39.	Дәстүрлі өнер және қазіргі заман. Ифе өнері	2		2
40.	Бенин өнері.	2	2	
41.	IX – XIII ғасырдағы ежелгі орыс өнері.	2	2	
42.	XVII- XVIII ғасырдағы орыс өнері.	2		2
	Сағат саны:	48	36	12
	Емтихан:	14		
	Кеңес беру:	12		
	Барлығы:	110		

1. Пәннің мақсаты мен міндеттері 2-сағат. Теория

Бағыт «Бейнелеу өнері тарихы және Қазақстанның көркем мәдениеті» Бір жыл ағымында оқытылады және келесі бейнемен бөлінеді :

бірінші бөлім – « Ең көне өнер, Орта ғасыр уақытының шетелдік батыс өнері», « Шекара орыс және батыс европалық өнер 19-20 ғасыр және өнер негізгі бағыттары 20 ғасыр »;

екінші бөлім -« Ең көне уақыттың Қазақстан өнері жаңа және ең жаңаның уақыттардың ».

2. Алғашқы қауымдық өнер- 2 сағат. Теория

Қола ғасыры мен темір ғасыры адамзат дамуындағы асқаралы баспалдақ. Ұлы өзендер – Нилдің, Евфрат пен Тигрдің, Индтің, Хуанхэнің аңғарында біздің заманымыздан бұрынғы 3-4 мыңжылдықтың өзінде пайда болған мемлекеттер.

3. Ежелгі палеолит дәуірінде өмір сүрген ру – тайпалардың бейнелеу өнері - 2 сағат. теория

Тас дәуірі палеолит және неолит болып бөлінді. Палеолит термині (грек «палатос» - көне, «литос» - тас деген сөзден шыққан) көне тас ғасырын білдіреді. Сексен мың жыл шамасында табиғат жағдайының өзгеруі. Жердің жедел салқындауының нәтижесінде мұз дәуірінің басталуы. Осындай қатал табиғат жағдайында адамдар өмір сүрді.

4. Кәсіби емес өнер және эстетикалық концепциялар - 2 сағат. Тәжірибелік

Алғашқы қауым өнері алғашқы қауымдық құрылыс тұсындағы өнер. Б.з.б. 40 - 30 мыңжылдықтар шамасында алғашқы тас дәуіріндегі (палеолит) адамдарының қарым-қатынасы мен еңбек тәсілдері негізінде пайда болған.

5. Дәстүрлі және алғашқы қауымдық өнердің атқаратын қызметі - 2 сағат. Тәжірибелік

Бұл өнердің де негізінде адам, табиғат және заттық әлемді тұтастықта, бірлікте қарастыру жатыр. Бейнелеу өнері дүниені байқау, бақылау, көру нәтижесінде оның көркем бейнесін жасайды. Әр ғасыр, дәуір, кезеңде пайда болған Бейнелеу өнерінің туындылары өзіндік бейнелеу жүйесі мен көркемдік үндесудің түрлі типтерін құрайды. Бұл өнер танымдық, құндылық және қарым-қатынастық қызметімен де ерекшеленеді. Уақыттық даму процесі басқа өнер түрлеріне (әдебиет, музыка, театр, кино) қарағанда Бейнелеу өнерінде шектеулі, ол негізінен кеңістіктік ауқымымен ерекшеленеді. Суретші өз көзімен көріп, түйсінген шындығын сол сәттегі қалпымен көрсетуге ұмтылады. Өмір құбылыстары типтік жағынан таңдап алынып, заманның тірлік-тынысы жан-жақты көркемдік қуатпен беріледі.

6. Африканың жартастары өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

Африкада жартастағы өнердің алғашқы айғағы 40 000 жылдан, Азияда -35 000 жыл, Еуропада: -34 000, Америка -30 000 және Австралияда -22 000 жылдан басталады. Тарихқа дейінгі өнерде жиынтықтар бар: олар графиканың құрастырылуымен немесе реттілігімен құрастырылған «сөйлемдер». Тарихқа дейінгі суретшінің логикасының архетиптік модельдері бар.

7. Австралияның жартастары өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

Жартастар таңба суреттері — ежелгі дәуірлер (палеолит, неолит, қола, темір) кезеңдеріндегі адамдар қалдырған өнер шығармалары. Осындай көне дәуірлерде адам қолынан туындаған өнер шығармалары алғаш әр түрлі белгі суреттер арқылы басталып, кейін жануарлар әлемін және тұрмыстық өмір бейнесін көрсететін мағыналы сурет, нақыштарға ұласқан. Жартастар таңба суреттері Жер шарының барлық түкпірінен кездеседі

8. Ежелгі майя, ацтек, инктердің өнері- 2 сағат. Теория

МАЙЯ, грек мифологиясынан шыққан Плядтың бірі, Герместің анасы және Зевстің сүйіктісі, Аркадты қамқорлығына алып өсірген тұлға. Оның мейрамын май айында атап өткен. Ацтектердің өнері туралы бізге жазушылардың хроникалық жазбаларынан мәлім. (Б. Саагун, Д. Дуран, Ф.

Альварардо Тесосомок, Ф. де Альва Иштлильшочитль, А. Д. Чимальпаин, Х. Баутиста Помар, Д. Муньос Камарго т.б.) ИНКтер Перудің байырға тұрғындары. Инктер тарихында 13-14 басқарушы ғана болғандығы айтылады. Олар Манко Капак: Синчи Рока, Льоке Юпанки, Майта Капак, Капак Юпанки (Инка Рока, Яуар Уака, Виракоча, Пачакутек, Амару Инка Юпанки (1463-71?), Тупак Инка Юпанки (1471-93), Уайна Капак (1493-1525), Уаскар (1525-32) и Атауальпа (1532-33) —Ханан Салак династиясы.

9. Ежелгі Египет өнері - 2 сағат. Теория

Ежелгі Египет тарихында бар байлықты қолына жинаған патшалар әулеті ірі қалалар, ауқымды сәулет кешендері-ғибадатханалар ашуды қолға алды. Сол замандағы өркендеген мәдениет пен өнердің жемісі ретінде Жосер пирамидасы салынды. Ежелгі патшалық кезеңінде елдің атрибуты ретінде Мысыр храмдарында перғауын статуялары орнатылды.

10. Ежелгі гректердің баға жетпес өнердегі үлесі - 2 сағат. Тәжірибелік

Б.з.б. V ғасырдың алғашқы он жылдықтарынан бастап Ежелгі Эллада мәдениеті өзінің шырқау шыңына шықты. Аса қауіпті Персиямен соғыс /б.з.б. 500-449 ж.ж./ грек халқына қатал тарихи сын болды. Парсы әскерлері Грек аумағына басып кіріп, қалаларды қиратты. Грек-парсы соғысының барысында грек қалаларының теңіз одағы қалыптасты, оған екі жүзге тарта мемлекет кірді. Мұнда бірінші орынға Афина ие болды.

11. Шумер және Аккадтың мифологиясы, өнері - 2 сағат. Теория

Қосөзеннің ең ежелгі мәдениеті – Шумер – аккад мәдениеті. Олардың мәдени жетістіктері талас тудырмайды. «Алтын ғасыр» поэмасын, бірінші элегияларды жазды, бірінші кітапхана тізімін жасақтады. Шумерлер – ең алғашқы медициналық еңбектердің, жыл күнтізбесінің авторы. Ең алғашқы шекті аспаптар ең алғашқы жазулардың бірі – сына жазуын да ойлап тапқан шумерлер еді. Шумер әдебиетінің сөз тақталарға жазылған көптеген ескерткіштерінің барлығына жуығын оқудың сәті түсті. Шумер әдебиетінің аса көрнекті ескерткішіне «Гильгамеш» туралы аңыздар жүйесі жатады. Бұл шығарманың тек шумер еліне ғана емес, Қосөзен көршілес орналасқан басқа да елдер мәдениетінің дамуына орасан зор әсері болды.

12. Ассирияның қол өнері - 2 сағат. Теория

Б.з.б. VIII-VII ғасырларда Алдыңғы Азиядағы ең қуатты мемлекет Ассирия болды. Оның астанасы Тигр өзенінің жағалауындағы Ниневия қаласы еді. Ассирия патшалары жақсы қаруланған көп әскер жасақтады. олардың арасында қатаң тәртіп орнады. Ниневияны «арыстанның апаты» деп атады. Ассирия патшалары Сирияны, Финикияны және шамалы уақыт Мысырды жаулап алды. Сарайлар патшалардың даңқын жайып, күдіретіне деген сенімін ұялатуға тиіс еді. Ассириялық сарайдың бедерлері мен әшекейлерінде дінге табыну емес, соғыс сюжеттері басым. Ассириялық патшалар сарайларынан алынған ең елеулі бедерлер қазіргі Лондонның Британ мұражайлары мен Париждің Луврінде сақтаулы. Осынау ескерткіш мүсіннің ерекше үлгілері Санкт-Петербургтегі Эрмитажда да бар. Ассирия патшасы Ашшурбанипал сарайынан табылған бедер сурет - "аң аулау көріністері" (б.з.б. VIII ғасыр ортасы, Лондон Британ мұражайы).

13. Ежелгі Рим өнері. Архитектурасы - 2 сағат. Теория

Б.з.б. 146 жылы Коринфтің құлауымен антика тарихының гректік дәуірі аяқталды. Ионий теңізінің жағасындағы гүлденген бұл қаланы, грек мәдениетінің басты орталықтарының бірін Рим елшісі Муммийдің солдаттары жер бетінен жоқ қып жіберді. Өртенген сарайлар мен храмдардан елші есебіне сан жетпейтін көркем қазыналарды тасып алып кетті, сөйтіп, Плиний жазғандай, бүкіл Римді шынында да мүсіндер қаптады.

14. Ежелгі гректердің архитектура және қарафигуралы құмыраға сурет салу өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

Грек атлеттерінің ежелгі замандардан бастап жарыстарға жалаңаш түсетін дәстүрі өнерді өркендетуде маңызды рөл атқарды. Мүсіншілер мен суретшілер жігіттердің жалаңаш денесін көріп, олардың сұлу сымбатына, бұлшық еттеріне қызыға қарап, адам қимылы мен дене пропорцияларын сақтап сомдай бастады. Архаикалық өнердің ең ертедегі ескерткіштерінің бірі б.з.б. VIII-VI ғасырлар шамасында тарғыл мәрмәрдан жасалған күрстың мүсіні. Курстар - жігіт, бозбала деген мағына білдіреді. Ол Сунион мүсініндегі теңіз тәңірі Посейдон храмының маңынан табылған.

Ежелгі Мысыр мен грек архаикалық ырғақтығына тән мүсінді адам денесінің бүкіл мөлшері профиль мен фас жазықтығы арқылы берілетін. Мұндай әдіс мүсіншіден архаикалық өнерде устем болып келген тұтас қамту бейненің тік тұрған қалпы мен пішінді құрастыруда симметрия принциптерін сақтауды талап еткен. Курстардың архаикалық мүсіндерінің мысырлық туындылармен ұқсастығын тіпті ежелгі жазушылар да атап өткен. Өлгендердің бейітіне құлпытастар мен бедер бейнелі тақта тастар - стеллалар қойылған. Храм фронтондары, метопалары мен фриздері сәндік мүсіндермен әшекейленді. Мүсін тастың неше түрінен қашалып, ағаштан жонылып, күйдірілген балшық Терракотадан жасалған. Терракота - итальян тілінен аударғанда күйдірілген топырақ немесе балшық деген мағына береді. Б.з.б.

ҮІ ғасырдың екінші жартысында Самос аралынан кейін Элладаның басқа да қалаларында қоладан құйылған тұңғыш мүсіндер дүниеге келді. ҮІ ғасырдың алғашқы жартысында мәрмәр тастар кеңінен тарады. ҮІІ ғасырдың өзінде айқындалған архаикалық өнердің екі негізгі бейнесін жасау - жалаңаш жігіт пен ұзын киімге оралған әйелді мүсіндеу.

15. Роман өнері - 2 сағат. теория

Бұл өнер Батыс Еуропа елдерінде X – XII ғғ. дамыды. Бұлай аталуы, оның сәулетіне байланысты еді. X – XII ғғ. сәулет ғимараттарының материалы, негізінен, таста ды, ал төбелері кресті-аркалы тәсілмен тұрғызылды. Бұл әдіс орта ғасырларда қолданылған. Ал оның романдық әдіс деп аталған себебі римдік әдіспен тұрғызылған. Сондықтан бұл дәуір сәулеті деп аталды.

16. Готикалық өнер - 2 сағат. теория

Готика стилі -Еуропа (әсіресе, Батыс Еуропа) елдерінің сәулет өмірінде 12 ғ-дың 2-жартысы 16 ғ-да кең өріс алған сәулет өнері стилі. Шартты түрде герман тайпалары - готтардың есімінен аталып кеткен. Готиканы орта ғасырдағы қалалық және сарайлық мәдениет тұдырды.

17. Германия және Франциядағы Готика - 2 сағат. Тәжірибелік

Готика өнері алғаш Францияда жақсы дамыды, бұл өнер түрі романдық өнерден кейін келді. Готикалық әсем өнер түрі Францияда өркендеп, сонда сақталған. Кейіннен ол басқа елдерге тарады және XVI ғасырға дейін созылды. Сән өнері (витраждау, сан алуан ескерткіштер тұрғызу.) және қоласқы өнер (тас қашу, сүйек қырнау т.б) де биік сатыға көтерілді. өнердің бұл түрлері, әсіресе, ғибатханалар салуда кең қолданылады. Оларға діни нишандар мен пропорциялық шарттылық тән, сондай-ақ, өмірге деген күштарлық,асқақ рухта аңғарылып тұрады. Готика.Францияда(Париждегі,Реймстегі, Амьендегі ғибадатхана-лар),Германияда, Нидерландта, Англия мен Испанияда, Скандинавия елдерінде,Италияда дамыды.

Франциядағы ең көне және бүкіл әлемге әйгілі ғимарат — "*Құдай ана*" ғимараты. Ол XII ғасырда салынған.Орта ғасырларда Францияда 800-ге жуық собор, жүздеген шіркеу, монастырьлар болды. Соның бірі — "*Әулие Михаил тауы*" атты ансамбльдік ғимараты. Бұл Нормандия жерінде тұрғызылған.Франция готикасы жолымен Германияда да салтанатты соборлар жаппай салынды, соның бірі — *Страсбургтегі собор* болды (1276). Флоренциядағы *Әулие Мария дель Фьоре шіркеуі* мен *Милан соборы* көзге түседі. Осы кезеңде мүсін, әр түрлі мадонналарды кескіндеу, діни ғимараттарды росписьтермен бедерлеу қолға алынды. Сол кезеңде осы өнер бағытының асқан шебері Джотто ди Бондоне (1266-1337) өмір сүрді. Ол бояулардың сан түрлі құбылмалы рендерімен-ақ кескіндемелік шығарманы жандандыра түсті.

18. Англия және Испаниядағы Готика - 2 сағат. Теория

Испанияда Италиядағыдай гуманистик идеялар, алдымен ғалымдар мен ақындарда болды. Содан кейін бейнелеу өнерінде келіп жетті. Мұнда бостандық соғысы 8 ғасырға созылды. Осындай күрделі күрестен соң испан ұлты және оның өзіне тән қасиетті қалыптасты. Яғни беріктік батылды, өктемшілдік және өз намысын қорғай біледі. Бұл қасиет 18 ғасырдан басталды. 16-17 ғасырлар арасында Испанияда өзгеше суретші жұмыс істеді. Оның негізгі есемі Доменико Теотокопули, бірақ ол ұлты грек, Крит аралында тұғанына байланысты Эль Греко деп аталып кеткен. (1541-1614). Кескіндемені ол өзінің елі Крит аралынан оқып келген, онда орта ғасырлар дәстүрлері сақталған еді. Сондан 15 ғасырдың 60-жылдары Венецияға көшіп келеді. Испан кескендемесі мен оны терең эмоционалды, жан дуниенің көтеріңкі болуы жақындатты. Оның бірнеше шығармасы діни тақырыпта жазылған. Соның бірі - "*Петр мен Павел апостолдары*" атты шығармасында, суретші шығармашылығына тән ерекшелікті көреміз. Онда өзінің өзгеше көркем жазу стилін көрсету мен қатар кейпкерлердің адамдық қасиеті мен береді. Шығарманың сол жағында бейнеленген Петрдің мәңгілік өзіне -өзі сұрақ қоюмен келе жатқан адам екендігін суық түстер арқылы,оның қайғылы өнін көрсете біледі.Ол өзінің барлық қатардағы мен, ұстамді және өмірдің қызуына толы қалпымен анық көрінді.

19. Араб-мұсылман ғимараттарының типологиясы. Орнаментальді өнері және декор - 2 сағат. Теория

Араб халифаты. Араб-мұсылман эстетикасы және философиясы. VIІ- XIII ғасырдағы солтүстік Африка. Иран өнері. Иран миниатюрасы (негізгі мектептер). Иранның қол өнері (керамика, зергерлік өнер). Араб-мұсылман құрылыстарының типологиясы. мешіттер, медреселер. Араб – мұсылман өрнектік өнері және декоры. Архитектура: Каир, Дамаск, Багдад қалалары

20. Индия өнері б.з.д. 4-1 мың жылдық- 2 сағат. Теория

Үнді елінің колөнершілері өздеріне жат өнермен — сәулет, ою-өрнектермен таныса бастады. Олар әр түрлі тастармен жұмыс істеп, безендіруді үйренді. Мұсылман құрылыстарында үнді ою-әшекейлері мен арабтардан алынған аркалар, күмбез, мұнаралар аралас қолданыла бастады. Екі елдің сәулетшілері бірігіп жасаған жаңа минарет *Кутб Минар* 1230 жылы салынып бітті.

21. Қытай өнері б.з.д. 4-1 мың жылдық - 2 сағат. Теория

Орта ғасырлардағы Қытай мәдениетінің орны өте ерекше. Олардың өнері өзіне ғана тән қайталанбайтын қасиеттерімен дараланды. Үнді өнерімен салыстырғанда, ортағасырлық Қытай өнерінде анағұрлы катан өрі ұстамды стиль де және поэтикалық толғаныс та басымырақ-Қытайдың ағаштан жасалған сәулеттік өнері өзінің пропорцияларының жеңілдігімен, айқындылығымен, өрнекті оюларының әсемдігімен және иілген қанаттарының ырғақтылығымен қызықтырады, Қытай кескіндемесіндегі анық байқалатын құбылық лиризм, асақ атты көзге түспейтін тұнық бояу түстеріндегі үйлесімділік. Ал Бұл мүсіндері күшейтілген динамикаға мүлдем жуықтамайтын сызықтар, жұмсақтығымен, дене қимылдары мен бет мішінінің құндылығымен, дене құрылысының қалыпты салмақтылығымен ерекшеленеді. Елдегі феодалдық құрылым өте ертеде, II және IV ғасырлар ширегінде қалыптасты. Бұл уақытта новелла, роман секілді әдеби шығармалардың жаңа түрі пайда болды. Поэзия мен проза, театр мен музыка, мүсін мен сәулетшілік, кескіндеме мен көптеген колөнер түрлері дамудың биік сатысына жетті. Шығыс елдеріне қытай философтары мен ақындарын, өнер теоретиктерін кеңінен таныстыруға мүмкіндік берген кітап басу өнері қалыптасты.

22. Қайта өрлеу дәуірінің өнері. Флоренция- 2 сағат. Теория

Орта ғасырлар тарихы деп аталатын дәуірде дүниежүзілік мәдениет пен өнер тарихында жаңа кезең басталды. Бұл кезең – «Қайта өрлеу мәдениеті» деген атпен тарихқа енді. Қайта өрлеу дәуірінің суретшісі, мүсіншісі әйгілі Донателло флоренцияда дүниеге келген.

23. Италиядағы жоғарғы ренессанс - 2 сағат. Тәжірибе

Ренессанс «Қайта жаңғыру» термині осы дәуірдің белгілі суретшісі, сәулетшісі және өнер тарихының асқан білгірі Джордане Базари (1512—1574) өзінің «Жизнеописание наиболее знаменитых живописцев, ваятелей и зодчих» (XVI ғасыр) деген еңбегінде алғаш рет қолданған. Демек, бұл терминнің мағынасы — көне заман мәдениетін жаңғырту болып табылады. Ал одан кейін, дәлірек айтқанда, XVIII ғасырдан бастап Италиялық жаңғыру дәуірі адамның қайта жаңғыруы және гуманизм дәуірі деп сипатталады. XIV—XV ғасырлар Италия мәдениетін былай сипаттаудың тамыры да осы дәуірде жатқандығын атап өткен дұрыс сияқты, өйткені тұңғыш рет «адам» табиғаты, «адамгершілік» деген ұғымдарды енгізген осы дәуірдің алыптары Леонардо Бруни мен Колуччо Салютати болатын.

Еуропаның 16 ғ-дағы және онан кейінгі өнерінің даму жолдарын көрсеткен Микеланджело шығармаларында Қайта өркендеу дәуірінің ерлік әуенге толы адамгершілік мұраттары, кейінгі мәдениетке (Қайта өркендеу дәуірінің соңғы кезеңіне) тән таным дағдарысының қайғылы сырлары да бейнеленді. Жас кезіндегі шығармаларынан-ақ (“Баспалдақ қасындағы Мадонна”, “Кентаврлар шайқасы” атты бедерлі мәрмәр, 1490 – 92 ж. ш.) монументтік, пластикалық қуат пен образдың драмалық бояуға қанықтығы, адам сұлулығын паш ету сияқты Микеланджело шығарм-ның басты белгілері айқын аңғарылды.

24. Леонардо да Винчи шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Леонардо 1452 жылы 15 сәуірде Флоренция маңындағы Винчи қалашығында дүниеге келді. "Мадонна Литта" - көлемі 42x33 см шағын ғана шығарма, оны суретші 1490 жылы салған. Леонардо да Винчи - қайта өрлеу дәуірі туғызған алыптардың алыбы.

25. Рафаэль Санти шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

XV—XVI ғасырлардағы бүкіл итальян өнері барлық болмысында үйлесімдік, әсемдік, қанағатшылдықтан өрілді. Италияның кішігірім сарайларының бірі Урбинода тарихшылар, философтар, саясатшылар, жазушылар, өте білімді, мәдениетті Бембо, Бибиена, Кастильоне және тағы басқа тамаша адамдар өмір сүрген. Осы кездегі сарай кештері жайлы атақты кітап жазып қалдырған граф Бальдассаре Кастильоне еді. Оның "Кортеджиано" (сарай адамы) атты кітабындағыдай кемел адам идеалынан өзінің асқақ мұраттарына сүйеніш тапқан, дүниежүзілік тарихта ұлылардың бірі саналатын адам — суретші Рафаэль.

26. Венециядағы жоғарғы ренессанс - 2 сағат. Тәжірибелік

Венеция Қайта өрлеу кезеңінде республика болды. Іс жүзінде Венеция болды империясы бұл қазіргі Италия, басқарылатын жер, Адриатика мен сансыз аралдардың бойындағы теңіз жағалауы. Оған тұрақты саяси климат және дамыған сауда экономикасы ұнады, оның екеуі де Қара өлім мен Константинополь құлдырауынан (негізгі сауда серіктесі) құлады. Венеция іс жүзінде соншалықты өркенді және сау болғандықтан, империялық мәртебесін жою үшін Наполеон деген біреуді қабылдады ... бірақ, бұл Қайта өрлеу дәуірінен біраз уақыт өткен соң, өнермен ешқандай байланысы болмады.

27. Джорджоне шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Джорджоне — Венеция кескіндемешісі. Оның ерекшелігі — Венеция мен Тосқан көркемөнер кеменгерлігінің арасындағы айырмашылықтың мәнін ашатын құбылыс болды. Ол өзінің көптеген флоренциялық әріптестеріндей, суретшілікке қоса мүсінші не сәулетші ақын әрі музыкант болды. Вазаридің айтқан сөзіне қарағанда: “Ол лютня тартып, ән салғанда тәңірді де таңдандыратындай” болған. Бүкіләлемдік өнерде өзінің поэзиялығы, әуезділігі жағынан Джорджоне картиналарымен таласа алар шығарма жоқ та шығар.

28. Тициана шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Тицианның өзіне тән шығармашылық қолтаңбасы қалыптаса бастады да 1516 ж. Венеция Республикасының басты кескіндемешісіне айналды, суретші өмірінің ақырына дейін осы атақты 60 жыл бойы сақтап тұрды. Тициан діни, мифологиялық және әдеби сюжеттерге негізделген сан алуан кескіндемелік туындылар мен портреттер жасады. “Бұ дүние мен о дүние махаббаты” (1515 – 16 ж. ш., Рим, Боргезе галереясы), “Флора”, “Қолғапты жасөспірім”, “Вах пен Ариадна” (1523, Лондон, Ұлттық галерея) атты көркем полотноларында гуманистік мұрат пен өмірге деген сүйіспеншілік сезімі шынайы көрініс тапты.

29. П.Веронезе шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Оның еңбектерінде жұмсақ түстердің қолданылуы верондық мектептің сәйкес ерекшеліктерін көрсетсе, көркем бейнелерді салудағы еркіндік рафаэль мектебінің сәйкес ерекшеліктерін көрсетеді. Оның дарыны жайлы мәліметтің тез таралуының нәтижесінде Веронезе 28 жасында Венециядағы Қасиетті Себастиан шіркеуін безендіруге шақырылады. Оның жұмысына тәнті болған шіркеу қызметкерлері Веронезені осыдан кейін бірнеше рет шақырып алып, шіркеуде өңдеу жұмыстарын жүргізген. Қаза тапқаннан кейін архитектордың денесі осы шіркеуге қойылды. Оның шіркеудегі жұмыстары верон мектебіне сәйкес суреттердің жеңілдігі мен түстердің жұмсақтығымен ерекшеленеді

30. Нидерландтағы қайта өрлеу - 2 сағат. Тәжірибелік

Нидерландыда ойлап табылған майлы бояуға байланысты, ең алдымен, кескіндеме өнерін атап өтуіміз қажет. Бұл өнер түрінің көне стильден Қайта өрлеу дәуіріне өтуі өте ұзаққа созылады.

31. XVII ғасырдағы батыс Еуропа өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

XVI ғасырда қалыптасқан өнердегі жаңа бағыт «барокконьң» өркендеу орталығы Рим қаласы еді. Мұндағы XVII ғасырдан қалған сәулет өнерінің белгілері барокко дәуіріне дәлме-дәл. Осы белгілерге мысал ретінде қасиетті петр соборы, Римдегі Иль Джезу шіркеуі, Ватикандағы патшалық баспалдақ және Римдегі фонтанды айтуға болады.

32. Фовизм. А. Матисс шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Фовизм – Влашк Марис дей (Париж, 1876 – Рюэя - мя Гадельер, 1958) – Француз суретшісі – Фавиет Құдайдың құдіретімен влашк музыкант отбасында туылған. Ол өз күнін көруі үшін жұмыс істеп суретші мамандығын оқып алмаған 1901 ж. Влашинка Ван Гогтың көрмесінде осы шебердің қолынан өтеді. Влашинка Ван Гогтың нұсқаларын Влашинка осы фавизм мен айналысады.

33. Кубизм Пикассо шығармашылығы - 2 сағат. Тәжірибелік

Кубизм XX ғасырдың басында Еуропа өнерінің пайда болған модернистік ағым 1908 – 10 ж. Францияда қалыптасты. Өнердегі геометризм мен аустенген П. Сезанн және Аррикан мүсіншілері қарапайым әрі тұрақты тұр қалыптастыру мақсатында шығармаларын куб (осыдан барын «К» аталған), шар конус т.б. Геометриялық денелерге құрды.

34. Импрессионизм және неоимпрессионизм- 2 сағат. Тәжірибелік

Ван-Гог Винсент (шын аты Винсент Виллеам) – голланд кескіндемешісі. 1869-1876 жыл Гоага, Борюссель, Лондон, Париж керкемсурет туындылары сату фирмасында делдалдық етті. 18880 жыл өнерге ықпалы ауып, Брюссель және Янтверпен көркемсурет академиясымен байланысты болды. 30 жылда сурет салумен шұғылданып, негізінен қарапайым жолдардың өмірінен көріністер және сериялы картиналар жасады. «Картаппен жүрек жалғаушылары 1885ж». 1886-1888 жыл Парижде салған «Сена үстіндегі көпір», «Танға әкем портреті» атты картиналарыны алғашқы творчестволық кешіндегі ауыр әлі бұлыңғыр бояудан арылып жалқын түспен еркін орындау. «Сан – Мари балықшыларының қайығы», «Арльдің алқызып жүзімі», «Түнгі кафе» атты шығармалары суретшінің кемелденген шағын да жазылған туындылары. Ван-Гог творчествосы 18ғ.дағы Еуропа мәдениетінің ең күрделі кезеңінің айғағы өмірінің ақырғы жылы. Ван-Гог нерв ауруына шалдығып, өзін-өзі өлтірді.

Поль Сезанн – француз кескіндемешісі, постимпрессионизмнің негізін салушылардың бірі. Парижде оқып, негізінен Эксте жұмыс істеді. Поль Сезанн творчествосынан сепрессионизм ықпалы байқалғанымен, суретші импрессионистер секілді тек табиғат пен өмірдің сыртқы әсеріне ғана берілмей, образды толық қанды келбетімен бейнелеуге ұмтылды. «Маларна жағадауы» (1888), «Жол бұрылысы» (1879-82) атты нейзаждарында Поль Сезанн кеңістік пен уақыт бірлігін, болмысының құпия сырларын терең ұғытып шынайылықпен бейнеледі. «Карта», (1890-92), «темекіші» (1896-1900), «Дәу қарағай» (1892-96) атты картиналар Поль Сезаннның творчество кемелденген шағында жасаған туындыларының санатына жатады.

35. Англия өнері. XVII- ғ. бірінші жартысы XIX ғасыр - 2 сағат. Тәжірибелік

Англия – өнерін әйгілі еткен екінші суретші, пейзажист Ларрен (1600-1682). Ол Пуссенмен қатар өмір сүрді. Негізгі пейзаж болды, табиғат керінісін бейнелеудің керемет шебері а Өз елінен жастайынан кетіп, Римде өмірінің сонына дейін тұрды. Римнің табиғатына ғашық болғандығы соншалық күні бойы көрінісін салудан жалықпады. Ал адам бейнесі оның шығарма тек көмекші рөл атқарды. Осындай пейзаждық жұмысын "Таңертенгілі жағалауда" деп аталды.

Шығармаларының негізгі тақырыбы — табиғат әсемдігі еді, 1670 жылдар Лоррен шығармашылығының шарықтау шегі. Осы жылдары жазған, жарық көрген шығармалары: «Таң» (1666), Талтус (1651), "Кеш" (1661), (1672). Осылардың поэтикалық шығармасы "Таңертең". К.Лоррен — классик оның идеясы табиғатпен байланысты. Бұл суретші таби тыныштық әуенді өте әсерлі етіп жеткізе біледі. К.Лоррен машылығы француз кескіндемесінде аңызды орын алады.

36. XIX ғасырдағы Романтизм бастауы - 2 сағат. Тәжірибелік

Гойя туған жақсы көрді жәе халықтың қанаушыларға қарсы болды «IV Карл Королдіңотбасы» (1800, Прадо, Мадрид) атын шығармасыны Гойя шындықты көрсетуден қорықпай, оларды усқынсыз, қатыгез адамдар екенін көрсетті. «Соғыс бейнеті» (1810-1820) атты графикалық шығармасында Гой халықтың француз интервеннттерімен күресын көрсетті. «соғыс бейнеті атты топтаманы тақырыптары халық тағдыры, халықтың куресы еды.

37. Испан өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

Испан суретшзсы Франсиско гойяның өнер тарихта болған елеулі оқиғалар кезінде (Француз революцияси, Наполеонның ұлт-азаттық Соғысты, халық көтерілісі) дами бастады. Гойя өз шағарамаларында Шындықты, халықтың қиын жағдайын көрсеткісі келді. Оның алғашқы портреттері мен эскиздері арқылы кескіндемелік өнерді жоғары дәрежеде екенін көруле болады. «Капричос» (1797-1828) суретшінің өнер әлемінде байлығын ашты. XVII және XIX ғ.ғ Испания суретшілерінің шығармаларынан кейдейлык пен байлықты, халықтың сол ензделі қиын жағдайын , қайғысын көруге болады.

38. Дадаизм. Сюрреализм- 2 сағат. Тәжірибелік

Дадаизм (франц. «dada» — «ағаш ат», — Баланың түсініксіз былдыры деген ауыспалы мағынаны білдіреді) — әдебиетте 1916 — 22 жылдарда өмір сүрген модернистік ағым. Д. 1916 ж. Цюрихте пайда болған. Оны 1-дүн.жүз. соғыс адамзаттың айуандық инстинктерін туғызды, ал ақыл-ой, мораль, эстетика дегеніміз — екі-жүзділік алдау деп анархист интеллигенттер ұйымдастырды (франц.Т.Тцара, неміс Р.Гюльзенбек т. б.)

39. Дәстүрлі өнер және қазіргі заман. Ифе өнері- 2 сағат. Тәжірибелік

Ифе тұрғындарынан үйренген, кейін 15 — 16 ғасырда өзіндік шеберлік мектебін қалыптастырып үлгерді. Йоруба мемлекетімен және Бенин патшалығымен қатар, Батыс Африканың жағалауы мен Конго өзеніне дейінгі аралықта туыстық байланыстар арқылы ынтымақтасқан бірнеше мемлекет бірлестіктер құрылды. Олардың ұйытқысы Конго корольдігі болған. “Маниконго” (Конгоның әміршісі) деген атағы бар банту және бакенго тайпаларының көсемі Мбанзаконго қаласында (қазіргі Сан-Сальвадор порты) патшалық құрды. 1482 жылы португалдық Диего Каол Конго сағасына жеткенде, үлкен әрі дамыған мемлекетті көрген. Маниконгоның табысы алым-салықтан құралды, ал сыртқы сауда қатынасы еуропалықтар келгенге дейін өркендеген болатын. 1490 жылы Конго жеріне португалдықтар аяқ басты. Конго өз. атырауында және Шығыс Африка жағалауында көптеген мемлекет құрылымдар өмір сүрді.

40. Бенин өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

Ежелгі Бенин Корольдігі ерекше қола мүсін өнерімен танымал болды. Оның орталық қаласы Бенин болды және ол қазіргі Нигерияның оңтүстік батысында орналасқан. Оның байлығының басым көпшілігі піл сүйегінен, бұрыштан, пальма майынан және оның иелік ететін құлдарының санынан тұрды. Бұл Патшалықтың ортасында қызыл тулар болды, оның ортасында екі адам күресіп жатты. Олардың бірі екіншісінің мойынын қылышпен тесіп өтті. Бұл ту 1180 жылдан бастап қолданыста болды. Алайда ағылшындар оны 1897 жылы Африка территориясына басып кірген кезде басып алды.

41. IX – XIII ғасырдағы ежелгі орыс өнері- 2 сағат. Теория

IX—X ғғ. Қалыптасқан мемлекет Киевтік Русь атауын алады. Киевтік Русь Еуропаның саяси өмірінде маңызды орын алды. Онда жаңа мемлекеттік мәденнетнен қатар жазу жүйесі мен христиандық дін қалыптаса бастады.

42. XVII- XVIII ғасырдағы орыс өнері - 2 сағат. Тәжірибелік

XVII ғасырда ағаштан жасалған сәулеттің даму кезеңі болды. XVII ғасырдың екінші жартысындағы икон жазудың шебері Симон Ушаков болды. Ол өзінің шығармаларында ескіше дәстүрді жаңаша бағытта көрсетті. X-XVII ғасырлардағы Орыс өнері өзінің даму кезеңінде өте маңызды рухани құндылықтарды дүниеге әкелді.

